



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

**«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

**МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

**«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»**

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

учащиеся осваивают техники плетения и ковроткачества, сохраняя традиции и привнося изменения, находят и создают новые идеи для творчества, получая современный продукт в этностиле.

Декоративно-прикладное искусство является частью многогранной духовной жизни народа, оно прочно лежит в фундаменте, на котором основана вся национальная культура. Предметы народного творчества раскрывают богатство культуры, помогают усвоить обычаи, передаваемые из поколения в поколение, учат понимать и любить прекрасное. Декоративно-прикладное искусство способно перемещать нас во времени, обращаясь к нашему подсознанию в поисках нового подхода к жизни, суть которого в возрождении национальных традиций. Ведь там, где есть традиции, там имеется благодатная почва для расцвета декоративно-прикладного искусства.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А., Статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya, 2007.
2. Автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы», Художественный труд (для девочек). Учебный план, 8 класс, <https://smk.edu.kz/>
3. Автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы», Художественный труд (для девочек). Учебный план, 9 класс, <https://smk.edu.kz/>

ӘОЖ 37

АҚЫЛ-ОЙЫ КЕМ БАЛАЛАРҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ

Сайрамбек Гүлсімай Ержанқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты» КММ
Қарағанды қ., Қазақстан
gulsimai.sairambek@gmail.com

Аңдатпа

Балалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Ақыл-ойында ерекшелігі бар балаларды дамыту, қоғаммен бірге өмір сүруге бейімдеу шаралары мен практикалық тәжірибелер, ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіндегі жаңашылдық туралы мақаламда айтылады.

Түйінді сөздер: клиника, генетика, IQ, Олигофрения, ассоциация, дебил, имбецил, идиотия, сенсорлық қабілет, психика.

Аннотация

У детей есть свои особенности. О развитии детей с особенностями ума, мерах адаптации к сосуществованию с обществом и практическом опыте, новизне в научно-исследовательской деятельности я расскажу в моей статье.

Ключевые слова: клиника, генетика, IQ, Олигофрения, ассоциация, дебил, имбецил, идиотия, сенсорные способности, психика.

Abstract

Children have their own characteristics. I will tell you about the development of children with mental peculiarities, measures of adaptation to coexistence with society and practical experience, novelty in research activities in my article.

Key words: clinic, genetics, IQ, Oligophrenia, association, moron, imbecile, idiocy, sensory abilities, psyche.

Балалар мен жасөспірімдер арасында өте жиі кездесетін кемістіктің түрі – жалпы педагогикалық дамудың оның ішінде интеллектінің бұзылуы. Оның кең тараған клиникалық түрі – кемақылдылық немесе ақыл-ой кемістігі. Осы кемістіктің белгілері бар балаларды ел арасында кемақыл, ақыл-есі төмен, ой-өрісі дамымаған, артта қалған балалар деп атайды. Кемақылдылықтың себептері өте көп, ал оларды сапалы анықтау ғылыми зерттеулердің биология, генетика, физиология, психология салаларындағы нәтижелерге байланысты. Кейбір жағдайларда кемақылдылықтың белгісі көрініп тұрса да, оның қайдан пайда болып, қандай себептердің әсері екенін оның қалыптасу

механизмдерінің ерекшеліктерін түсіну қиын[1, 54-55]. Ақыл-ой кемістігінің негізгі көрсеткіші IQ көлемі болып табылады. Осыған орай бала құрдастарынан 20%-ға қалып отырса, оны арнайы сыныптар немесе көмекші мектепте оқыту мүмкін деп есептейді. Егер ол 50%-дан жоғары үлгермесе, онда оны оқытуға келмейтін деп есептейді және әлеуметтік қамтамасыздандыру арқылы арнайы интернаттарға орналастырады[3]. Кемақылдылықтың қалыптасу мерзімдеріне байланысты клиникалық екі түрі бар: олигофрения және деменция.

Олигофрения – гректің сөзі (олиго – аз, кем, френ–ақыл) қазақ тіліндегі мағынасы: ақылы таяз, кемақыл, ақыл-ойы кеміс деген ұғымды білдіреді. Бұл кемістік көбінесе іштен туа қалыптасады да, алғашқы екі жылда клиникалық белгілері байқалады. Олигофрения негізінен баланың орталық жүйке жүйесінің, әсіресе бас миының зақымдануынан пайда болатын кемістік. Олигофрения–ауру емес, ол патологиялық қалыптасқан жағдай, біркездері әсер еткен залалды себептердің салдары. Арнайы клиникалардың тұжырымы бойынша, олигофрения – бас миындағы үлкен жарты шар қыртыс қабығының диффузды немесе тұтас зақымданудың белгісі болып есептеледі. Олигофренияда динамикалық әрі қарай даму тән емес, ол деменция сияқты асқына дамымайды, керісінше, дер кезінде жүргізілген емдеу және түзету шаралары олигофрен балалардың интеллектуалды дамуын жақсартуы мүмкін (ауыр дәрежедегілерін есептемегенде)[1, 56-58]. Бұл терминді ғылымға немістің психиатры Э.Крепдлин енгізген. Олигофрения ауруының белгілері болып табылатындар:

1. Тұрақтылық;
2. Қайталанбаушылық;
3. Дефектінің органикалық түрде туындауы;
4. Тез дамушылық[2].

Американдық ақыл-ой кемістігі ассоциациясының (1994ж) ережесіне сәйкес олигофрениялық ақыл-ойдың кемтарлығы былай сипатталады:

1. Жалпы интеллектуалды даму деңгейінің айқын төмендеуі.
2. Әлеуметтік бейімделуге қабілетінің жоқтығы.
3. Кемақылдылықтың клиникалық белгілері алғашқы жылдардан 18 жасқа дейінгі аралықта байқалуы.

Олигофренияның ең басты клиникалық белгісі – балалардың интеллектуалды даму коэффициенті 70-тен төмен. Бұл көрсеткіш дұрыс дамымаған балаларда – 100-ге тең.

Жүре келе, 3-4 жастан кейін, қартайғанға дейінгі аралықта біліне бастайтын кемақылдылық – деменция деп аталады. Оның интеллектуалды дамудың зақымдануының басқа клиникалық түрлерінен негізгі ерекшелігі – туғаннан тілі шыққанға дейін, кейде одан да көп уақыт бойы психикалық дамуда ауытқу болмайды, кемақылдылықтың ешбір белгісі білінбейді. Деменцияның негізгі себептері: тұқым қуалайтын гендік және психикалық аурулар, нейрорецидивтік аурулар немесе әртүрлі жарақаттанулар, зақымданулар, зат алмасу немесе қан айналу процестерінің бұзылуынан пайда болған метаболиттердің әсерінен бас мидың, жоғарғы жүйке-жүйесінің құрамының әрекетінің зақымдануы. Көбінесе жас ерекшелігіне байланысты адамның көңіл-күйі күрт төмендейді, еш нәрсеге қызықпайды, енжарлық қалыптасады, есте сақтау қабілеті бірте-бірте төмендеп кемақылдылық өте жоғары дәрежеде қалыптасады. Деменцияның клиникалық түрлерінің бірі, қарт адамдардың кейбіреуінде кездесетін – алжу[1,63-64].

Кемақылдылықтың клиникалық белгілеріне байланысты оның үш дәрежесін ажыратады: дебил (миақы, мешеулік, әлсіз, қауқарсыздық), имбецил (милау, өз бетінше өмір сүре алмайды) және идиотия (мәңгірт, нақұрыс).

Дебильдік дәреже (миақы, мешеулік, әлсіз, қауқарсыздық) – латын тілінен «debilis» – әлсіз, қуатсыз. Олигофренияның жеңіл дәрежесі. Дебилдердің интеллектуалдық коэффициенті 50-70-ті құрайды. Дебил балалардың танымдық әрекетінің бұзылуы қиын түсініктерді талдап, қорытуға қабілетсіз екендігі көрсетеді.

Имбецил (милау) латын тілінен «imbecillus» – әлсіз, елеусіз. Бұл психикалық дамудың орташа зақымдануы. Ересек имбецилдың психикалық дамуы салыстырып қарағанда 3-7 жастағы қалыпты дамыған баланың деңгейіне сәйкес. Интеллектуалды коэффициенті 20-50, ауыр имбецилдік кезінде 20-35, ал жеңіл кезінде 35-50. Имбецилдер жұмысқа жарамсыз, тек өздеріне қарапайым қызмет етеді, білім алуға қабілетсіз, бірақ жай сөздерді түсінеді, ал өздерінің сөздік қорлары аз, сөйлеу әрекеті нашар дамыған[1, 60-62]. Іштен туа біткен ақыл-ой кемістігінің имбецил тобына кіретіндері ішіндегі айтарлықтай көр тараған түрі –Даун синдромы деп аталады. Даун сырқатына шалдыққан балалардың дене құрылысында және психикасында жай көзбен қарағанның өзіінде көрініп тұратын бірқатар ерекшеліктері болады. Гидроцефалия деп өте үлкейіп кеткен немесе «қазан бас» деп аталатын ауру түрін айтамыз. Гидроцефалия сырқатына шалдыққан балалардың психикасында өздеріне тән ерекшеліктері бар бірқатар өзгерістердің орын алатындығы байқалады. Мысалы, олар бірнеше шумақты өлең жолдарын бір естігенде-ақ жаттап алатын болады. Ал кейбіреуінің музыкалық әуенге және көркем өнерге деген ерекше есте сақтау қабілеттері жақсы жетілген. Олардың белгілі бір

мақсатқа талаптанып ұмтылуы нашар, ынталары, қызығушылықтары төмен болып келеді. Микроцефалия гректің «микро» – кішкентай және «цефаль» – бас сөздерінен бірігіп, бас сүйегі мен миы жетілмей қалған деген ұғымды білдіреді. Микроцефалия ақыл-ой кемістіктерінің ішіндегі ең ауыры деп есептеледі[5, 59-61].

Зиятында бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің дыбыс айту ақаулықтары жиі таралған. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағының кемістіктеріне әсер ететін факторлардың ішінде – сөйлеу тілі кеш дамып басталғалы жатыр. Интеллектісі зақымдалған балалардың дыбыс айту ерекшеліктері болып дыбыстар бұзылысының вариативтілігі табылады. Интеллектісі бұзылған балаларда дыбыс айту кемістіктері, әсіресе дыбыстарды алмастыруы, зияты қалыпты бапаларға қарағанда, жазуында көрініс алады. Интеллектісі бұзылған балалардың сөз қоры сапалық жағынан да, сандық жағынан да жетілмеген – сөз қорының аздығы, сөздерді нақты қолданбай, белсенді сөз қорынан енжар сөз қоры көп, сөздікті актуализациялаудағы қиындықтар, сөз мағынасы құрылымының қалыптаспауы байқалады. Балалар заттардың көбінің атауларын білмейді, заттардың жеке бөліктерін атада қиналады. Интеллектісі бұзылған балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы кешігіп қалыптасады да, ерекше өзінің жетілуімен ерекшеленеді, аграмматизмдер, грамматикалық жалпылауды қажет ететін тапсырмаларды орындағандарды қиындықтарымен сипатталды[4, 15-16].

Идиотия (миғұла, мәңгүрт, нақұрыс) – латын тілінен «idiotea» – тұрпайылық. Олигофренияның ең ауыр дәрежесі, оның да ауыр және жеңілдеу түрлері болады. Интеллектуалды коэффициенті 20-дан төмен. Идиотия дәрежесіндегі ересектердің психикалық дамуы 3 жасқа жетпеген баланың деңгейінде қалады, олар қорғансыз, көрсетілген көмекті қабылдай алмайды және үнемі бақылау мен күтімді қажет етеді[1, 60-62].

Қазіргі заманғы педагогикалық тәжірибенің негізгі бір проблемасы – мектепте оқу үлгерімінің тиімділігін арттыру. Ресей ғалымдары Т.А.Власова мен М.С.Певзнер психикалық инфантилизммен ауыратын балаларды негізгі екі топқа жіктейді. Бірінші топқа физикалық және ақыл-ой дамуыны шапшандығы (темпі) бұзылған балаларды жатқызады. Бұл дертке шалдыққан балалар өз құрдастарынан физикалық дамуы жағынан да артта қалып отырады, сонымен бірге танымдық инфантилизмімен ерекшеленеді; оқу қызметіне кірісіп кетулері қиындайды; тез шаршайды, еңбекке қабілеттері төмен болады. Екінші топқа, көбінесе ми жарақаттарының салдары болып табылатын психикалық әрекетінде функционалдық ауытқушылықтары бар оқушылар енгізіледі. Бұл топтағы балаларға негізгі жүйке процестерінің әлсіздігі тән[5, 56-57].

Ақыл-ойы кем балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелердің негізгі үлгісі балалар бақшасы болып табылады. Түзете оқыту мазмұнына дыбыстарды қою, машықтандыру, сөйлеу тілі әуезділігі бойынша, тыныс алу, екпінділікті дамыту бойынша, сөз қорын молайту, грамматикалық құрылымдарды тәжірибе жүзінде қолдану, байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру қосылады. Күнделікті тіл дамыту жұмысын арнайы мектепке дейінгі мекеменің барлық ұжымы жүргізеді[6, 20].

Балалармен жүргізілетін әдістер мен жұмыс мазмұны арнайы маманмен анықталады. Ол баланың жекелей ерекшеліктерін және оның жасын міндетті түрде ескереді.

Баланың жоғарғы психикалық функциясын дамыту үшін, келесі түрдегі жұмыстар жүргізілуі қажет.

1. Баланың қимыл-қозғалысын дамыту: қол бұлшық еттерін, қол саусағының моторикасын шынықтыру; резеңке допты қысу, ермексаз бен кыштан жапсырмалар жасау; түйіншектерді шешу; құмыраларды ашып-жабу, қатты қағазды нүктелер және пунктир сызығы арқылы тесу; контур және трафарет үстімен сызу; бояу; қию; қағазды бүктеу; саусақтармен жаттығулар;

2. Кеңістіктегі бағдарлануды дамыту: өзінде, айнадағы бейнесінде және суретте оң және сол жақты анықтау; балаға қатысты заттардың координаталарын анықтау; жазық қағаз бетінде бағыттану (сол жағында, оң жағында, үстінде, астында, ортасында); заттарды симметриялы бояу; таяқшалардан фигураларды, сызықтарды үлгі көмегімен және есінде сақтау арқылы құрау.

3. Есті жақсарту үшін келесідей ойындар пайдаланылады: өрнекті есте сақтауы бойынша салу; сөздерді және сандарды қайталау; алдын-ала есте сақтауды жаттықтыру;

4. Ойлаудың барлық түрін дамыту үшін сурет салу, жапсырмалар жасау, аппликациялар қолданылады.

Бұл жаттығулар баланың сенсорлық қабілетін дамытады және танымдық қабілетін арттырады. Барлық жаттығулар барысында балалардың сөйлеуін коорекциялау қажет. Коррекциялық жұмыс жекелеген психикалық процестерді емес, жеке адамға толық бағытталуы қажет. Коррекциялық жұмыс топтық, жекелей формада болуы мүмкін және келесідей әдістерден тұрады:

- Интеллект дамыту;
- Адекватты темпте дамыту;
- Еңбек әрекетін және дағдыны дамыту;
- Коррекциялық жұмыс өткізілген бағдарламамен дамыту;
- Интеллект дамытатын әр түрлі әрекеттерге қызықтырып, тарту (ойын);

- Құрдастары арасында өздерін жайсыз сезінуді жою;
- Материалдарды қызықты түрде түсіндіру;
- Толық отбасында тәрбиелеу (басқа балалармен);
- Стандартты емес түрдегі оқыту[3].

Қорытыта келгенде, ақыл-ойы кем балалармен түрлі коррекциялық жұмыстар жүргізіледі. Оларды оқыту барысында түрлі әдістер мен жаттығулар қолдану қажет. Бұл жұмыстарды жүргізу кезінде бірлескен ұжымның ынтымақтастығы нық болу тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрманбетова Ұ., Тебеннова Қ.С., Омарова Н.Н. Мамандыққа кіріспе (дефектология) оқулық құрал. Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 2006, 127б.
2. <https://stud.kz/referat/show/60537>
3. <http://dereksiz.org/korrekcijali-pedagogika-ou-edistemelik-kesheni.html?page=7>
4. Ибатова Г.Б. и др. Дамуында түрлі ауытқулары бар балалардың сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктері. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет, 2014. – 48б.
5. Айтбаева А.Б. Коррекциялық педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 160б.
6. Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. Қазақстан Республикасында балаларға білім беру мекемелерінің әр түрлерінде логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. 62б.

ӘОЖ 37

ЖАҢА ФОРМАЦИЯ ПЕДАГОГЫ – ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА

Сапарова Айдана Асқарқызы
магистр, биология пәнінің мұғалімі
Saparova_aidana93@mail.ru
Нуркенова Гулмира Дауылбайқызы
магистр, педагогика және психология пәнінің мұғалімі
«Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК»
Қостанай облысы Арқалық қаласы
Nurkenova.gulmira.97@mail.ru

Аңдатпа

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның шығармашылық қызметінің нәтижесі арқылы анықталатындығы, шығармашылық біліктер мен кәсіби шебер мұғалімнің бойында болатын қасиеттер, яғни жаңа формация мұғалімі қандай болу керектігі туралы мағлұмат берілген.

Түйінді сөздер: білім, жаңашылдық, шығармашылық

Аннотация

Решается в результате профессионализма и творчества учителя, на творческих навыков преподавателей и профессиональных качеств, то есть, о том, что должен быть учитель новой формации.

Ключевые слова: образование, инновации, творчество

Abstract

Solved as a result of the professionalism and creativity of the teacher, the creative skills of teachers and professional qualities, that is, about what should be the teacher of the new formation.

Key words: education, innovation, creativity

«Жаңа формация педагогы – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін – өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» Н. Назарбаев. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,